

ОӘЖ 343.43

Қаражанов Малик Дулатұлы

Құқық бойынша философия докторы (PhD), Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail: Karazhanov_1982@mail.ru

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы

заң ғылымдарының магистрі, Шәкәрім атындағы университет, Семей қ.

e-mail: ainash_77_77@mail.ru

КРИМИНАЛДЫ ҚҰЛДЫҚТЫ САРАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кез келген іс-әрекеттің мәнін ашу үшін қылмыстық құқық бұзушылықтың барлық белгілерін анықтаудың маңызы ерекше.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін дұрыс анықтау ұқсас қылмыстарды бір-бірінен, қылмысты қылмыс емес әрекеттерден ажыратуға жәрдемдеседі. Сондықтан, криминалды құлдықты саралау кезінде осы объект, объективтік жақ, субъект және субъективтік жақ анықталуы тиіс.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі ұқсас осы криминалды құлдықты ашатын қылмыстарды бір-бірінен ажыратуға қатысты белгілерін көрсетті.

Мақалада криминалды құлдық ұғымына кіретін қылмыстардың негізгі белгілерін ашып бердік. Авторлар қылмыстардың объективтік және субъективтік белгілерін ашып, оның негізгі элементтерін сипаттай ұғымдарды ашты.

Түйін сөздер: криминалды құлдық, қылмыстық құқық бұзушылықты саралау, қылмыстық құқық бұзушылық объектісі, қылмыстық құқық бұзушылық объективтік жағы, қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағы, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.

Для определения того или иного деяния как уголовное правонарушение значение имеет раскрытие всех ее признаков.

Правильное определение признаков уголовного правонарушения всегда помогает различить одно преступление от другого преступления. Таким образом, при квалификации криминального рабства необходимо определить объект, объективную сторону, субъект и субъективную сторону.

Уголовный кодекс Республики Казахстан указал на отличительные признаки схожих и относящихся преступлений к криминальному рабству.

В настоящей статье раскрыты основные признаки преступлений относящихся к понятию криминального рабства. Авторы дали определение понятиям относящимся к объективным и субъективным признакам преступления.

Ключевые слова: криминальное рабство, квалификация уголовного правонарушения, объект уголовного правонарушения, объективная сторона уголовного правонарушения, субъективная сторона уголовного правонарушения, субъект уголовного правонарушения.

To determine a particular act as a criminal offense, the disclosure of all its signs is of great importance.

The correct definition of the signs of a criminal offense of the whole is helping to distinguish one crime from another crime. Thus, in the qualification of criminal slavery, it is necessary to determine the object, the objective side, the subject and the subjective side.

The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan pointed to the distinctive features of similar and related crimes with criminal slavery.

In this article, the main features of crimes related to the concept of criminal slavery are disclosed. The authors defined concepts related to the objective and subjective signs of a crime.

Keywords: criminal slavery, qualification of a criminal offense, the object of a criminal offense, the objective side of a criminal offense, the subjective side of a criminal offense, the subject of a criminal offense.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың тікелей объектісін анықтау қылмыстық құқық бұзушылықты дұрыс саралау үшін, істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігін, мәні мен дәрежесін дәл анықтау үшін, істелген қылмыстық құқық бұзушылыққа тиісті әлеуметтік құқылық баға беру үшін аса қажет.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды,

заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған орай анықталады. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабының 2-тармағында тура көрсетілген. Сондай-ақ Республика Конституциясында адамның жеке басына – өміріне, қадір-қасиетіне қол сұғылмауына кепілдіктер берілген.

Жеке адамның бостандығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі адам мен азаматтың бостандығын

қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар, олар яғни: адамның бостандығы, оның жеке басының қауіпсіздігі, құқықтары мен заңды мүдделері, қызмет түрі мен мамандықты еркін таңдау құқығы болып табылады [1,б.204].

ҚР ҚК 125-бабының 1-бөлігі кінәні ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлары жоқ адам ұрлау үшін жауаптылықты қарастырады. ҚР ҚК 125-бабының 1-бөлігінің диспозициясы жай (атаулы) болып келеді, яғни адам ұрлаудың қандай да бір белгілерін сипаттаусыз адам ұрлау нысанында көрініс табатын қылмыстың атауын көрсетумен шектеледі [2,б.30].

Тергеу мен сот тәжірибесінде ҚК 125-бабының 1-бөлігін тәжірибелік қолдануға байланысты көптеген қиындықтар туындайды, өйткені адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық көздейтін норманың сипаты атаулы ғана болып табылғандықтан әрекетті саралауға байланысты қиындық туындайды, яғни қандай әрекетті адам ұрлау деп тану мәселесі. Сондықтан қылмыстық заңнаманың 125-бабының бірінші бөлігін қазіргі контекстінде қалдыру тиімсіз және перспективсіз болып келеді. Сәйкесінше, жай диспозицияны сипаттамалық диспозицияға ауыстыратын кез келді.

Сипаттамалық диспозицияда қылмыстың негізгі белгілері көрсетіледі. Қылмыстық заңнаманың нормаларының диспозицияларының басым бөлігі сипаттамалық болып табылады, ол қылмыстық заңның дұрыс қолданылуына әсер етеді.

Адам ұрлау қылмысы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін нормасының жай диспозициясын сипаттамалық диспозицияға ауыстыру заңда адам ұрлау қылмысының негізгі белгілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сипаттамалық диспозицияның жай диспозициядан басымдығы қылмыстық құқық теориясында және практикада нақты қылмыстарды дұрыс саралау мәселесін шешу кезінде өз көрінісін тапқан. Сипаттамалық диспозицияда заң шығарушы нақты қылмыстық белгілерін толығымен ашып көрсетеді. Егер заңнамада қандай да бір қылмыстың белгілері нақты көрсетілсе, қылмысты саралауда қате жіберу мүмкінгі азайып, қылмыс үшін жауаптылық таңдау мәселесін дұрыс шешуге нақты мүмкіндік туындайды.

Жоғары айтқандарды ескере отырып қылмыстық кодекстің адам ұрлау үшін жауаптылық көздейтін нормасының жай диспозициясын сипаттамалық диспозицияға ауыстыру тиімді болар еді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, адам ұрлау қылмысы көбінесе жәбірленушіні алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Кей жағдайларда адам ұрлау жәбірленушіге күш қолдану арқылы жүзеге асырылады, онда адамды күштеп ұстап алып, кейін көлікпен басқа жерге әкетеді.

Осыны ескере отырып, ҚР ҚК 125-бабының 1-бөлігін келесі редакцияда сипаттауды ұсынамыз: «Адамды оның еркінен тыс алдау немесе сенімді теріс пайдаланумен не жәбірленушіге күш қолдану арқылы ұрлау». Мен осы пікірімен толық келісемін.

Қылмыстық заңнаманың адамның жеке басына адам ұрлау арқылы қол сұғатын нормасын жоғарыда көрсетіп өткендей жетілдіру өз кезегінде құқық қорғау органдарының осы санаттағы қылмыстармен күресудегі тиімділігі мен белсенділігін жоғарлатар еді.

Кез келген қылмыстың қылмыстық-құқықтық табиғатын ашу мәселесі оның құрамының элементтерін анықтаумен тығыз байланысты. Қылмыс элементтерін анықтауда ереше орын қылмыстың объектісіне ие, өйткені қол сұғушылық объектісін анықтау қылмысты саралауда, жазаны дараландыруға және әрекеттің қоғамдық қауіптілігін анықтауда ерекше орынға ие.

Адам ұрлау қылмысының объектісінің белгілерін анықтау және тиісінше осы қылмысты қол сұғушылық объектісіне байланысты дұрыс саралау мәселесі шешу қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектісіне қатысты қалыптасқан концептуалдық ережелердің негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Адамды бас бостандығынан заңсыз айыру (126-бап) Қылмыстық кодекстің 125-бабында көрсетілген қылмысқа ұқсас. Одан айырмашылығы адам өзі тұратын жерден басқа жерге ауыстырылмайды, оған өлтіремін немесе денсаулыққа зиян келтіремін деп қорқыту арқылы еркін жүріп-тұруға шек қойылады, егер бұл талапты орындамаса оған ескертілген зиянның келтірілуі есіне салынады.

Қылмыстың тікелей объектісі – адамның жеке басының бостандығы, қосымша тікелей объектісі – адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі.

Адамды саудаға салу (128-бап) қылмысының тікелей объектісі адамдардың бостандығы мен еркі, қосымша тікелей объект – жәбірленушінің ар-намысы, адамгершілігі болып табылады.

Кәмелетке толмағандар саудасы (135-бап). Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі сол ата-ана мен бала арасындағы туыстық байланыстардың

ажырауы нәтижесінде кәметке толмаған балалардың қалыпты өсуімен адамгершілік тұрғысында дамуының бұзылуымен сипатталады.

Аталған қылмыстың объектісі – кәметке толмағандардың жеке бас бостандығы, мүддесі, олардың дұрыс даму, жетілу, білім алу, тәрбиелену жағдайлары. Факультативті объектісі адамдардың өмірі мен денсаулығы және балаларды тәрбиелеудегі ата-аналардың мүддесі табылады.

Егер қылмыстың объективтік жағына қатысты айтсақ, қылмыстық құқық теориясында танылған адам ұрлаудың объективтік белгілерінің барлығын табуға болады.

Объективтік жақтың белгілеріне келесілер жатады:

- қандай да бір объектіге қол сұғатын әрекет немесе әрекетсіздік;
- қоғамдық қауіпті зардаптар;
- әрекет (әрекетсіздік) пен зардап арасындағы себепті байланыс;
- қылмыс жасаудың тәсілі, орны, уақыты, жағдайы, құралы және қаруы.

Адам ұрлау әрқашан адамның белсенді әрекеттерімен жасалады. Әрекетсіздік арқылы бұл қылмыстың объективтік жағын орындау мүмкін емес, өйткені адам ұрлау қылмысын міндетті белгісі жәбірленушінің оның еркінен тыс күш қолдану арқылы кеңістікте орынын ауыстыруға бағытталған белсенді әрекеттермен сипатталады.

Адамды ұрлауға бағытталған әрекеттер әртүрлі нысанда жүзеге асуы мүмкін.

Профессор А.И. Мамутов әйел ұрлау қылмысының объективтік жағының белгілерін аша отырып, көрсетті: «Әйелді оның еркінен тыс ұрлаудың объективтік жағы белсенді әрекеттермен сипатталады. Әрекетсіздікпен ұрлау мүмкін емес. Ол кез келген әрекет емес, әйелдің орынын ауыстыруға мәжбүрлеген әрекет...» [3,б.75].

Ары қарай А.И. Мамутов әйел ұрлауға бағытталған әрекеттердің жасалуы тәсілін жүйелендіреді.

Адам ұрлау алып кету нысанында жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалға Корғалжын аудандық сотымен 1960 жыл туылған А. Тасболатов пен К.Кенжебеков үйіне қайтып бара жатқан Лохапованы күшпен машинаға салып үйлеріне алып кеткені үшін сотталды. Олар Лохапованы Тасболатовқа үйлендіру үшін алып кеткен болатын. Жәбірленуші сол күні милиция қызметкерлерімен үйлеріне қайтарылды [3,б.78].

Адам ұрлау алдау арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалға адамды қандайда

бір себеппен нақты бір ғимаратқа алдау арқылы алып келіп, одан шығармай қоюы мүмкін.

Әйелді ұрлау оның некеге отыру бостандығына қол сұғатындықтан, және тікелей жәбірленушінің бостандығына қол сұғушылық болып саналғандықтан, оның ата-анасының, туыстарының, қамқоршы немесе қорғаншыларың әйелді алып кетуге немесе ұстап отыруға келісім беруі кінәліні адам ұрлау үшін жауаптылықтан босатпайды, ал оған көмектескендер қылмысқа қатысушылық үшін жауапқа тартылады.

Адам ұрлау физикалық күш қолданумен де, психикалық күш қолданумен де жүзеге асырылуы мүмкін, яғни қорқыту арқылы. Сондай-ақ адам ұрлау алдау немесе дәрменсіз жағдайын пайдалану арқылы (мас болу, ауру болу немесе өзге де күш қолдану қажет етпейтін жағдайлар) жүзеге асырылуы да мүмкін.

Адам ұрлау қылмысы ұрлау жәбірленушінің еркіне тыс болағанда ғана орын алады, бірақ кейбір жағдайларда соттар қателесіп, «ұрлаушыға» егер әйел адам ұрлауға келісім беріп, әке-шешесі келісім бермегенде айыптау үкімі шығарылып жатады.

Мұндай фактілер заңгерлерді осындай «ұрлауларды» қылмыстық адам ұрлаудан ажырата білуді талап етеді.

Кейбір аймақтарда ұрлаусыз әйел алу қыздың намысына нұқсан келтіру болып танылады. Мұндай жағдаяттармен тәрбилік құралдармен күресу керек.

Тәжірибеде қызды үйленуге ұрлағанда жігіт ретінде басқа адамды көрсетіп алып кету фактілері де кездеседі. Мұндай ұралуды алдау арқылы ұрлау деп тану керек.

Егер адам ұрлау кезінде жәбірленушіге дене жарақаттары келтірілсе, кінәлінің әрекеті Қылмыстық кодекстің тиісті баптарымен қылмыс жиынтығы ретінде саралануы тиіс [4,б.175].

А.М. Мамутовтың ұсынған әйелді ұрлауға бағытталған әрекеттердің жүйесін негізге ала отырып, тек әйелді ғана емес, кез келген адамды ұрлаудың келесідей тәсілдерін көрсетуге болады:

1. Алып қашу (умыкание), адамды алып кету арқылы ұрлау.
2. Ұрлаушының қолына негізделген жәбірленушіні алдау немесе сенімін теріс пайдаланып ұрлау.
3. Адамды жәбірленушіге физикалық күш қолдану немесе психикалық әсер ету арқылы ұрлау.

Сонымен қоса адам ұрлау қылмысы жәбірленушінің дәрменсіз жағдайын пайдалана отырып жасалынуы мүмкін.

Қылмыстық құқықта адам ұрлаудың объективтік жағының мазмұнын ашу көптеген қиындықтар туындатады, өйткені ұрлаудың, сондай-ақ ұрлықтың түсінігі көбінесе мүлікті ұрлауға қатысты сипатталады. Сондықтан адам ұрлау үшін қылмыстық құқықтық жауапкершілік туралы сөз болғанда қылмыстың бұл санатының ерекшеліктерін ескеру керек.

Бас бостандығынан заңсыз айыру (126-бап) объективтік жағынан қылмыс адамды, оны ұрлауға байланысты емес жағдайда бас бостандығынан айырумен сипатталады. Яғни, жәбірленушінің еркін – қалауынша жүріп-тұруына тыйым салынады немесе бір тұрғын жайға жауып қояды не байлап, қорқытып зорлықпен ұстайды, өз тілегі бойынша адамдармен кездесу мүмкіндігінен айырылады.

Қылмыстың жасалу тәсілі жәбірленушіні күш қолданып немесе күш қолданбақшы болып қорқыту болып табылады. Қылмыс құрамы формальдық. Адам бас бостандығынан заңсыз айырылған уақыттан бастап қылмыс аяқталған деп танылады. Заңсыз бас бостандығынан айыру мерзімі қылмысты саралауға әсер етпейді.

Адам саудасы (128-бап) қылмысы объективтік жағынан – сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны пайдалану не азғырып көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер жасау арқылы сараланады.

Қылмыс белсенді әрекет арқылы және әр түрлі тәсілдерді қолданумен: адамды пайдалану мақсатында біреуден сатып алу немесе оны басқа біреуге сату, сол адамға қатысты әр түрлі мәмілелер жасау (кепілге, жалға, қарызы үшін төлем ретінде беру, басқадай жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке айырбастау); оны пайдалану (жезөкшелікке, притондар ұйымдастыруға құлдыққа, азғырып-көндіру, нәсіпқұмарлық әрекеттермен басқадай теріс құқық бұзушылық әрекеттерімен айналысуға) саудаға салынған адамды біреуге уақытша беру, пайдалану үшін үнемі көлікпен бірге алып жүру, көпшіліктен жасырып ұстау, жәбірленушіні азғырып алдау, әр түрлі айла-шарғылар жасау арқылы оны басқадай заңсыз әрекеттерге пайдалану т.б. арқылы жүзеге асырылады. Қылмыс құрамы формальдық, ол жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттердің біреуін жасаған сәттен аяқталған деп танылады.

Кәмелетке толмағандар саудасы (135-бап) қылмысы объективтік жағынан кәмелетке толмаған адамды сатып алу – сату немесе оған

қатысты өзге де мәмілелер жасау, сол сияқты оны пайдалану не азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, сондай-ақ пайдалану мақсатында өзге де әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмаған адамды белгілі келісімді ақы алып (ақшалай, заттай, қозғалатын немесе қозғалмайтын мүлік) басқаға беру, сату немесе сатып алу танылады.

Кәмелетке толмаған адамды айырбастау (үйге, көлікке, басқа тауарларға), сыйға беру (мысалы шет елге тұрақты өтіп кетуге байланысты көрсеткен көмегі үшін немесе шын достықтың белгісі ретінде тегін беру); қарызын немесе басқадай міндеттемелерін өтеу үшін беру; басқа біреуге уақытша пайдалануға жалға беру өзге мәмілелер жасау деп танылады. Кәмелетке толмағандарды пайдалану, азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру, пайдалану мақсатындағы өзге де әрекеттер ҚК-тің 128-бабында көрсетілген осындай іс-әрекеттермен бірдей. Қылмыс жәбірленушіні саудаға салу жөніндегі мәмілеге қол жеткізілген және кәмелетке толмаған адамды басқа біреуге немесе ҚК-тің 135-бабының 1-бөлігінде көрсетілген басқа да кез келген іс-әрекеттерді жасаған уақыттан бастап аяқталған деп танылады.

Адам ұрлау қылмысының құрамына құқықтық анализ жасау кезінде әр нақты жағдайға байланысты кінә, қылмыс жасау ниеті мен мақсатын анық талдау жасау керек. Қылмыс оқиғасының бұл мән-жайлардың барлығын анықтамау соттың ең соңында іс бойынша дұрыс шешім қабылдамауына әкелуі мүмкін. Мысалға адам ұрлауда пайдакүнемдік ниеттің болғанын дұрыс анықтамау әрекетті ҚК 125-бабының 2-бөлігімен емес 125-баптың 1-бөлігімен қате саралауға әкеп соқтырады және тиісінше жауаптылықтың мөлшері дұрыс анықталмайды. Немесе адам ұрлауда алдын ала пайдакүнемдік ниет болмаса, ол тек жәбірленушіге қатысты тек жеке ұнамастық ниетерге негіделсе, әрекетті жай адам ұрлау деп танып, ҚК 125-бабының 1-бөлігімен саралау керек. Сондықтан субъективтік жақтың белгілерін дұрыс анықтау адам ұрлау қылмысын дұрыс саралаудың кепілі болып табылады.

Қылмыстың субъективтік жағы субъектінің жасалаған қоғамдық қауіпті әрекетке және оның салдарына деген психикалық қатынасы және қылмыстың субъективтік жағына қылмыспен байланысты аданың психикалық қызметі екенін ескере отырып, кейбір ғалымдар кінәні субъективтік жақты ядросы болып табылатын психикалық қатынастың бір формасы деген қорытындыға келіп отыр [5,б.128].

Адам ұрлау қылмысының ниеттері әртүрлі болуы мүмкін. Профессор У.С. Жекебаев индивидтің әрекетінің ниетін анықтаудың маңызын көрсете отырып былай деп жазады: «адам тұлғасының құрылымының терең түсіну үшін, оны дамытып, бағыттайтын факторлардың заңдылығын анықтау үшін, соның ішінде әлеуметтік теріс бағытталған тұлғаның да, индивидтің қылмыстың іс-әрекетінің басымды ниеттерінің мәні мен табиғатын анықтау өте қажет теориялық және практикалық маңызға ие. Бұл мәселелер ғалым-заңгерлерді қызықтырмайды деп айтуға болмайды. Қылмыстың субъективтік жағына құқықтық анализ жасалған кезде тұлғаның оның әрекетіне деген психикалық қатынасты анықталады, яғни кінә нысаны, қылмыстық ниет пен мақсат, бірақ бұлар қылмыс құрамын талдау үшін, қылмысты ұқсас қылмыстардан ажырату және қылмыстық жазаны жеке дараландыру үшін зерттеледі» [6,б.17].

Қылмыстық адам ұрлау кезіндегі қылмыстық ниетті анықтау бірінші кезекте адам ұрлау қылмысының құрамын талдау, оны ұқсас қылмыстардан (босандығынынан заңсыз айыру, адамды кепілге алу және басқа) айыру үшін қажет.

Егер, қылмыстың ниетінің анықтамасы туралы айтатын болсақ, қылмыстық ниетке қатысты толық анықтаманы профессор К.Е. Игошев берген: «қылмыстың ниетін әлеуметтік орта мен тұлғаның өмірлік тәжірибесінің әсерімен қалыптасқан, қылмыстық қызметтің ішкі себебі болып табылатын және жеке тұлғаның қылмыстық қызметінің бағытына әсер ететін бастамасы (побуждение)» [7,б.66].

Осы көрсетілген ережеге сәйкес қылмыстық құқық теориясында адам ұрлау қылмысының ниеті адам ұрлау қылмысын жасауға бет алған адамға әлеуметтік орта мен қылмыскердің өмірлік тәжірибесі әсер еткен бастама деп анықталады. Және мұндай ниетті қылмыстық қол сұғушылықтың ішкі себебі деп тану керек.

Қылмыстық құқық қылмыстық мінез-құлықтың сыртқы көрінісін ғана зерттейді, өйткені ой әлі де қылмыс емес, сол себепті де тек қана қылмыстың объективтік жағы (қылмысқа дайындалудан бастап) көрініс тапқанда ғана ол іске кіріседі. Ал криминология болса, оны микрокриминологиялық деңгейінде себептерін зерттейтін болғандықтан әуелгі түрткісінен бастап, тіпті, ол мотивтің пайда болуының де себептеріне тереңдеп үніледі [8,б.121].

Адамды кепілге алу қылмысы өзінің субъективтік жағы бойынша адам ұрлау қылмысы сияқты тікелей қасақаналықпен

сипатталады. Кінәлі адам адамды құқыққа қайшы кепілге ала отырып, мемлекетті, ұйымды немесе азаматты қандай да бір іс-әрекет жасауға немесе қандай да бір іс-әрекет жасаудан тартынуға мәжбүр ететінін түсінеді және сол әрекеттердің болуын тілейді.

Адамды сатып алу-сатудың немесе оған қатысты өзге де мәмілелерді жасаудың субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады, әрекетті ҚК-тің 128-бабы бірінші бөлігі және 135-бабының бірінші бөлігі бойынша саралау үшін осындай мәмілелердің қандай мақсатпен жасалғанының еш мәні болмайды.

Адамды азғырып-көндіру, тасу, беру, жасыру әрекеттері жасалған кезде қылмыстың субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады, ал қылмыстың мақсаты пайдалану болып табылады.

Адамды сатып алу-сату деп бір тарап (сатушы) басқа тарапқа (сатып алушыға) белгілі бір сыйақы үшін беретін ақылы мәмілені айтамыз.

ҚК-тің 128-бабы не 135-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соқтыратын өзге мәмілелерге сыйға тартуды (адамды басқа бір адамға тегін беру), айырбастауды (адамды әлденеге айырбастау), алмастыруды (бір адамды басқа бір адамға алмастыру), жалға беруді (адамды ақыға уақытша иелену және пайдалануға беру), адамды тараптар арасында жасалған мәміле бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің кепілі ретінде қалдыруды, адамды төлем ретінде пайдалануды немесе қандай да бір мүлктік емес сипатта пайда табу мақсатында беруді және басқаларды жатқызу керек.

Сәйкесінше заңды тұлғаларға қылмыстық жауаптылық тағайындау мәселесі бүгінгі күні тек қана өзге барлық қылмыстар бойынша ғана емес, сонымен қатар адам ұрлау үшін қылмыстық жауаптылық шараларын да ары қарай жетілдіру үшін қажет болып табылады.

Осы мән жайларды және заңды тұлғалардың адам ұрлау мүмкіндігінің қауіптілігін ескере отырып, ҚР ҚК 15-бабына заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығына қатысты толықтырулар енгізуді ұсынамыз. Ол ҚР ҚК 15 бабының 1-бөлігіне «сондай-ақ заңды тұлғамен» деген сөздермен толықтыруды ұсынады.

Адамды саудаға салу қылмысының субъектісі 16-ға толған кез келген адам, лауазымды адамдардың қызмет өкілеттілігін пайдаланып осы құрамдағы қылмыстан басқа іс-әрекеттер жасауы қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Загородников Н.И. Значение объекта преступления для определения меры наказания по советскому уголовному праву. М.: Наука, 1949. – 410 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖШС «Издательство «Норма К», 2016. – 188 бет.
- 3 Кудрявцев В.Н. Объективная сторона преступления.- Монография. - М.: Госюриздат, 1960. - 244 с.
- 4 Куринов Б.А. Уголовная ответственность за нарушение правил движения на автотранспорте. М.: Госюриздат, 1957. - 140 с.
- 5 Котова Н.К. Уголовное право Республики Казахстан: Общая часть /Учебное пособие. – Алматы: Академия экономики и права, 2013. – 218 с.
- 6 Комментарий к Общей части Уголовного кодекса Республики Казахстан /Ответственный редактор доктор юридических наук, профессор И.Ш. Борчашвили. – Алматы: Жеті-жарғы, 2015. – 1210 с.
- 7 Уголовное право. Особенная часть: Учебник. Издание второе исправленное и дополненное /Под ред. доктора юридических наук, профессора Л.В. Иногамовой-Хегай, доктора юридических наук, профессора А.И. Рарога, доктора юридических наук, профессора А.И. Чучаева. - М.: Юридическая фирма «КОНТРАКТ»: ИНФРА-М, 2008. - 800 с.
- 8 Лунеев В.В. Субъективное мнение. М.: Бек, 2000. – 156 с.

Қаражанов Малик Дулатұлы

Лауазымы: Құқық бойынша философия докторы (PhD), Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау Институт директоры, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қабанбай батыр көшесі 42-80

Ұялы тел.: +7 775 538 60 17

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы

Лауазымы: заң ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071410, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Бозтаева 77-27

Ұялы тел.: +7 701 339 88 81

Криминалды құлдықты саралау мәселелері

Қаражанов Малик Дулатович

Должность: Доктор философии по праву (PhD), директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Кабанбай батыра 42-80

Сот.тел: +7 775 538 60 17

Ахметова Айнаш Жұмажановна

Должность: магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры «Юриспруденция» Университета Шакарима г. Семей

Почтовый адрес: 071410, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Бозтаева 77-27

Сот.тел: +7 701 339 88 81

Проблемы квалификации криминального рабства

Karazhanov Malik Dulatovich

Position: Doctor of Philosophy in Law (PhD), Director of the Institute for Advanced Studies and Retraining of Human Resources, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, Kabanbai batyr st., 42-80

Mob.phone: +7 775 538 60 17

Akhmetova Aynash Zhumazhanovna

Position: Master of Laws, Senior Lecturer of the Department of Jurisprudence of the University of Shakarim, Semey

Mailing address: 071410, Republic of Kazakhstan, Semey city, Boztayeva st., 77-27

Mob.phone: +7 701 339 88 81

Problems of qualification of criminal slavery